

## Хаттама №7

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2024 жылдың 12 маусым күні кезекті педагогикалық кеңес өтті.

Қатысуға тиіс-26

Қатысқаны-19

Дәлелді себептермен қатыспағаны-7

### Күн тәртібінде:

- Мектеп бітірушілердің 9-11 сынып оқушыларының қорытынды аттестациясы, 2024-2025 оку жылына пән мұғалімдерінің еңбек жүктемесінің жобасын талдау. /Б. Аханова/
- «Куаныш» шағын орталығындағы оку жылдың қамтылған мақсаттардың орындалуы, нәтижелері, қорытындысы. /Г. Таштитова/
- Жыл қорытындысы және аттестат беру туралы. /Ә. Кеулімжай/
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. /С. Кәрібай/
- Мектепшілік бақылау бойынша: А) «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы. Ә) Әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың санатын анықтау және құжаттарын жинақтау. Б) Тегін тамақтануды ұйымдастыру сапасы туралы. /А. Аханов/
- Мектептің өзін-өзі бағалауы туралы. /Ә. Кеулімжай/
- Ағымдагы мәселелер. /Ә. Кеулімжай/

### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова мектептегі 9-11 сынып оқушыларының қорытынды аттестациясы, 2024-2025 оку жылына пән мұғалімдерінің еңбек жүктемесінің жобасы туралы баяндады. 2023-2024 оку жылында 9 сынып оқушыларымен 29 мамыр мен 10 маусым аралығында төрт пәннен мемлекеттік емтихан өткізілді. Емтиханға оқушылар түгел қатысты. Емтихан қорытындысы бойынша «Ұздік аттестатқа» ұсынылған бір оқушы емтиханды ұздікке тапсырып қорғап шықты. Қалған 7 оқушы да мемлекеттік емтиханды тапсырып шықты. Үлгірмеуші оқушы болған жок.

11-сынып бойынша биылғы мектеп бітіруші оқушылар 28 мамыр-11 маусым аралығында бес пәннен мемлекеттік емтихан тапсырды. Қатысуға тиісті 7 оқушы емтиханға түгел, белсенді қатысты. Емтихан қорытындысы бойынша электронды журналга уақытылы койылып отырды. Бұғаңға педагогикалық кеңестен 8 оқушыға негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы аттестат, сондай-ақ жеті оқушыға жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы аттестат берілуі туралы шешім етуін сұраймын.

Аудандық әдістемелік кабинет тарарапынан алдағы «2022-2023 оку жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оку процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқаулық, ерекшеліктері туралы нұсқау жасалды. Сол бойынша алдағы оку жылына пәндерді оқытудағы ерекшеліктер мен сағаттық жүктемелер туралы жобасы жасалды. Әр педагогтың мүмкіншіліктері мен шығармашылық әлеуеті назарға алынып, тиісті әдістемелік көмектер жасалып, бағыттар жасалады.

**Ұсыныс:** 1) 2023-2024 оку жылының қорытындысы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижесімен 9-сыныптың жеті оқушысына негізгі мектепті бітіргендігі туралы жай, бір оқушысына ұздік оқығаны үшін «Ұздік аттестат», 11-сыныптың жеті оқушысына жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы аттестаттар берілсе және осы құжаттардың талапқа сай толтырылуын қадағалау мектеп директорының оку ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға жүктелсе.

2) 2024-2025 оку жылында сағаттық жүктемелер мен жауапкершіліктер бөлінісінде әрбір педагогтың жетістіктері мен шығармашылық әлеуеті назарға алынып, ұздік нәтижелері бойынша жүктемелер талапқа сай жасалып, бөлінсе.

Екінші мәселе бойынша мектеп жаңынан құрылған «Куаныш» шағын орталығындағы оку жылдың қамтылған мақсаттардың орындалуы, нәтижелері, қорытынды туралы шағын орталықтың әдіскері Г. Таштитова денсаулығына байланысты ем қабылдан жатқанындықтан жылдық есеп берілмеді.

**Ұсыныс:** 2023-2024 оку жылдың қамтылған мақсаттардың орындалуы, нәтижелері, қорытынды туралы есебін 2024-2025 оку жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде тыңдалған жағдайын жүргізу үшін «Куаныш» шағын орталығының әдіскері Г. Таштитова бекітілсе.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Ә. Кеулімжай жыл қорытындысы және аттестат беру туралы айттып өтті. «Білікті бірді жығады, білімді мынды жығады», - деген білімді оқушылардың асар биігі алда екендігі сөзсіз. Ертең

мектеп үжымы 9 және 11 жыл білімді үлкен жетістікпен аяктап, мектеп мақтанышына айналып «Үздік аттестат» иесі атанып отырған оқушымызды мақтан етеді. Ендеше, ертеңгі салтанатты жиын талапқа сай таңертенгі уақытта сағат 09:00-де басталып 40 минут аралығында аяқталу керектігін және оқушылардың ата-аналары балаларының аттестат алу салтанатына қатысуы, барынша қарапайым да талапқа сай болуы тиістігі баса айтылды. Сонымен қатар мерекелік шарадан соң сейілдеуге, табигат аясы мен су жағалауларына баруға, көңіл көтеретін орындарға баруға, ата-аналар тарапынан дастархан жайып, сыйлықтар табыстауға ешқандай рұхсат етілмейтіндігі, оқушылардың қауіпсіздігі басты назарда болу керек екенін қатаң түрде ескертілді.

**Ұсыныс:** 2023-2024 оку жылының қорытындысы бойынша үздік нәтижелерге жеткен педагогтер түрлі марапаттарға ұсынылып, аттестат беру салтанаты талапқа сай үйымдастырылса, сондай-ақ 14-15 маусым күндері талапқа сай оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бақылау мақсатында кезекшілік кестесі құрылса

Келесі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы айтып, тоқталды. Жыл бойы қауіпсіздік туралы ата-аналарға үнемі айтып, сынып жетекшілері, мектеп әкімшілігі тарапынан да үнемі қатаң бақылауда ұстап, қадағалап отырдық. Осы оку жылында ауылдық полицияға тіркелген оқушыларымыз болған жоқ. Жыл бойы қадағалап жадынамалар таратып жүрміз. Жаз айларындағы балалардың өмір қауіпсіздігін сақтауды ата-аналарға да мұқият тапсырып, ескертіп отырмыз.

Мектепте мектеп бітіру кешін талапқа сай үйымдастырып, өткізу кезінде бітірушілердің өмірі мен деңсаулығын қорғау, күкірт бұзушылықты болдырмау және сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, ата-аналармен ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай, сондай-ақ бітіруші сыныптардың сынып жетекшілеріне де міндеттеледі. Осы жұмыстарды бақылау жауапкершілігі мектеп басшысы ретінде өзіме де тікелей жүктеліп отыр. Сондықтан осы қорытынды кешімізді барлық жауапкершілікті сезіне отырып, абыраймен, талапқа сай атқарып шығу баршамыздың міндетіміз деп білемін.

**Ұсыныс:** Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жаз айларындағы барлық жауапкершілігіне жауапты болу ата-аналарға жүктелетіндігін ескерту, түсіндірме жұмыстарын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға міндеттелсе

Келесі мәселе бойынша әлеуметтік педагог А. Аханов: Мектепшілік бақылау бойынша:  
А) «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының жобасын жасап қойдым, жаз уақытындағы қозғалыстарға, көшіп келушілер мен көшіп кетушілерге сәйкес алдағы уақытта талапқа, қажеттіліктерге сәйкес өзгеруі мүмкін.

Ә) Әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың санатын анықтау және құжаттарын жинақтау туралы баяндар болсам анықтап тізімдеп отырмын.

Б) Тегін тамақтануды үйымдастыру сапасы жылдағыдей, өзіміздің мектептің тізіміндегі, түрлі әлеуметтік топтарға байланысты балаларға сәйкес үйымдастырылады.

**Ұсыныс:** 2023-2024 оку жылындағы Мектепшілік бақылау бойынша: А) «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы. Ә) Әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың санатын анықтау және құжаттарын жинақтау. Б) Тегін тамақтануды үйымдастыру сапасы бойынша жүргізілген жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланса және алдағы 2024-2025 оку жылына құжаттарды талапқа сай жинақтау әлеуметтік педагог А. Ахановқа міндеттелсе.

Күн тәртібіндегі мектептің өзін-өзі бағалауы туралы мектеп басшысы Ә.Кеулімжай айттып етті.

2021 жылдың қыркүйек айынан бастап еліміздің барлық мектепке дейінгі үйымдарда, мектептерде, колледждерде және әскери, арнаулы жоғары оку орындарында мемлекеттік аттестаттау рәсімі енгізілді.

Мемлекеттік аттестаттаудың негізгі мақсаты - білім беру үйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін айқындау.

Бұл ретте, мемлекеттік аттестаттау өзін-өзі бағалау құралы арқылы білім беру сапасын арттыру мәселесінде білім беру үйымдарын ынталандыруға бағытталған. Білім беру үйымдарының өзін-өзі бағалауы – білім беру үйымының өз қызметін дербес бағалау тетігі. Бұл механизм білім беру үйымдарының қызметіне мониторинг жүргізуінде халықаралық тәжірибелесінде кеңінен қолданылады және өзінің білім беру тәжірибелесін жетілдіруде үйимдардың дербестігі мен автономиясын ынталандыруға бағытталған.

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау білім беру үйымын одан әрі дамыту перспективаларын айқындау, күшті жақтарын, сондай-ақ жақсартуларды енгізу қажет болатын қызмет бағыттарын айқындау және осының есебінен білім беру қызметінің сапасын негұрлым жоғары деңгейге көтеру үшін қажет.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабының 4-1-тармағына сәйкес білім беру үйимдары жыл сайын білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізуге және өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне ұсынуға тиіс. Бизнес-процесті онтайландыру үшін өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру үйимдарының ресми интернет-ресурстарына орналастыру ұсынылады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және косымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парагтарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығында көзделген нормаларға сәйкес, білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру үйимдарының ресми интернет-ресурсында орналастырмау өрескел бұзушылық болып табылады.

Алайда, интернет-ресурстарды талдау көрсеткендегі, көп жағдайда білім беру үйимдарының өзін-өзі бағалау материалдары ресми веб-сайттарда орналастырылмайды. Білім беру үйимдарының, сондай-ақ білім беруді басқару органдарының ресми интернет-ресурстарына мониторинг жүйелі негізде жүргізілетініне назар аударамыз. Сондықтан біздің мектебімізде де биылғы 2023-2024 оку жылында талапқа сәйкес өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізіп, ресми интернет ресурсында жариялайтын боламыз. Арнайы мектеп директорының бұйрығы шығарылып, комиссия құрылды. Онда талапқа сәйкес мектептің қызметін өзін-өзі бағалауы тұрғысынан қажетті мәліметтерді орналастыру, енгізу үшін тиісті орынбасарлар мен мамандар бекітілді. Оларға жауапты істің маңыздылығы туралы түсіндіріліп, айтылды. Және өз мөнінде орындалуы үшін бақылау жасайтын боламын.

**Ұсыныс:** 2023-2024 оку жылындағы білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру үйимдарының ресми интернет-ресурсында орналастыру құрылған комиссия мүшелеріне міндеттелсе.

Ағымдағы мәселелер бойынша мектеп басшысы Ә.Кеулімжай жазғы демалыс уақытында мектеп педагогтері мен қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен әдеп қағидаларын сақтауы қажеттігі туралы айтып өтті. Мұғалім-қоғам айнасы. Ол-Ағартушы. Қай жерде, қандай жағдай болмасын, мұғалім Ұстаз деген үғымға сай болуы, парасаттылық пен сабырлылықты, тәрбие үлгісін бар болмысымен білдіріп жүруи тиіс. Қазіргі ахуалға байланысты ұғрлғы құқық бұзушылактарға бой алдырып, қеледесіздіктерге жоғарғы педагогтер арасындағы кейір оқигалар әлеуметтік желілерде көрініс табуда. Сондықтан жазғы уақыттарда балаларымыздың, яғни оқушыларымыздың қауіпсіздігімен қатар өзіміздің де жіті болып, талапқа сай әрекет етуіміз қажет. Ағайын арасында, ауыл-ел ішінде той-тұмалак, жиындар өтетіні белгілі. Сондай қуаныштарда өзін-өзі ұстау, тәртіпсіздіктерге жоғарғы бермеу қажет. Барынша денсаулық пен күш-куатты қалыпқа келтіретін пайдалы демалыстармен, өзін-өзі дамыту, кәсіби жетілу жолындағы әрекеттерге бұрган дұрыс. Заман талабы көптеген міндеттер мен жауапкершіліктер жүктейді. Келесі оку жылында да осындағы мақсаттар мен келелі міндеттер бізді күтіп тұрғаны даусыз. Сондықтан әріптестеріме жақсы демалыс пен аманшылық, қуаныштар тілеймін.

### Шығып сөйлеушілер:

- Мектеп тәлімгері-М.Жанәбілова:** Биылғы оку жылы өз жоспарына сәйкес, жауапкершіліктермен, сондай-ақ өзіндік қыншылықтарымен де өтті деп ойлаймын. Оку жылының қорытындысымен үздік нәтижелерге жеткен оқушыларымыз біздің мақтаныштарымыз. Енбек демалыстарының ойдағыдай өткізіп келер оку жылына тың идеямен «төрт көзіміз түгел» келуге тілекtespiн.
- МАД жетекшісі- Ж. Исатаева:** 2023-2024 оку жылында мектебімізде өзгерістер болды. Алдағы уақытта бұдан да үлкен жетістіктерге жетеміз деп сенемін. Бастисы отымыздың басы аман, деніміз сау, ауызбіршілігіміз болсын. Әріптестеріме жақсы демалыс тілеймін.
- Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі- Б.Кәрібаева:** 2024-2025 оку жылына сәттілік тілеймін. Әсіресе 11-сынып бітірушілеріне ҰБТ-дан өз деңгейлерінде, жоғары балл жинауына тілекшімін. Осы оку жылы барысында жеке оқушымен жұмыс, ғылыми ізденіс, зерттеушілік бағытындағы жұмыстарда өзімнің кемшін тұстарымды мойындаймын. Алдағы оку жылы

барысында осы бағыттағы ізденіс, шығармашылығымды шындағай түсемін. Еңбек демалысы сәтті өтіп, келесі оқу жылына жаңа серпінмен, күш-куатпен, аман-есен келулеріне тілекшімін.

4. **Мектеп кітапханашысы-Ш. Садуақасов:** 2023-2024 оқу жылында жақсы жұмыстар болды. Келесі оқу жылында «өте жақсы» жұмыс жасаймыз деп сенемін. 9-11 сынып оқушыларының жетістіктерімен құттықтаймын. Эріптестеріме де демалысты жақсы өткізіп, келер оқу жылындағы толағай табыстарға, шығармашылық ізденістерге бірге жетеміз деген ойдамын. Осы аз-кем жеткен табыстарымыз осы мұғалімдер мен қызметкерлердің ауызбіршілігі мен тынымсыз енбегінің арқасы екені даусыз. Енді нәтижелі табыстарға бағытталып, жеке, дарынды балалармен жұмысты күшетіп, пәндей олимпиадаларға дайындық жұмыстарын жолға қойып, жасаған дұрыс екеніндігіне көзім жетті. Мектепте шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасауға қай мұғалім мен оқушыға да жағдай бар. Алда осы мақсаттар орындалады деп ойлаймын.

### Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 1) 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижесімен 9-сыныптың жеті оқушысына негізгі мектепті бітіргендігі туралы жай, бір оқушысына үздік оқығаны үшін «Үздік аттестат», 11-сыныптың жеті оқушысына жалпы орта мектепті бітіргендігі туралы аттестаттар берілсін және осы құжаттардың талапқа сай толтырылуын қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға жүктелсін.

2) 2024-2025 оқу жылында сағаттық жүктемелер мен жауапкершіліктер бөлінісінде әрбір педагогтың жетістіктері мен шығармашылық әлеуеті назарға алынып, үздік нәтижелері бойынша жүктемелер талапқа сай жасалып, бөлінісін.

2. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша үздік нәтижелерге жеткен педагогтер түрлі марапаттарға ұсынылып, аттестат беру салтанаты талапқа сай ұйымдастырылса, сондай-ақ 14-15 маусым күндері талапқа сай оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бақылау мақсатында кезекшілік кестесі құрылсын.

3. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жаз айларындағы барлық жауапкершілігіне жауапты болу ата-аналарға жүктелетіндігін ескерту, түсіндірме жұмыстарын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға міндеттелсін.

4. 2023-2024 оқу жылындағы Мектепшілік бақылау бойынша: А) «Мектепке жол» кайырымдылық акциясы. Ә) Әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың санатын анықтау және құжаттарын жинақтау. Б) Тегін тамақтануды ұйымдастыру сапасы бойынша жүргілген жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланса және алдағы 2024-2025 оқу жылына құжаттарды талапқа сай жинақтау әлеуметтік педагог А. Ахановқа бекітілсін.

5. 2023-2024 оқу жылындағы «Куаныш» шағын орталығының жылдық жұмыс жоспарында қамтылған мақсаттардың орындалуы, нәтижелері, қорытындысы туралы есебін 2024-2025 оқу жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде тыңдап, талқылауға ұсыну «Куаныш» шағын орталығының әдіскері Г. Ташитова міндеттелсін.

6. 2023-2024 оқу жылындағы білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру ұйымының ресми интернет-ресурсында орналастыру құрылған комиссия мүшелеріне жүктелсін.

Педагогикалық кеңестің торайымы:

Хатшы:

Ә. Кеулімжай

А. Жарболова



Неділі 14-2025 жыл

13-2024 жыл

13-2024 жыл

13-2024 жыл

13-2024 жыл

13-2024 жыл